

ӘОЖ 070:654.191

**ТЕЛЕАРНАЛАРДЫҢ РЕДАКЦИЯЛЫҚ САЯСАТЫНДА ЭФИРЛІК КЕСТЕНІҢ АЛАТЫН  
ОРНЫ МЕН МАҢЫЗЫ**

**Алдабергенова Ж.Ж.**

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің  
Журналистика және саясаттану факультетінің 1-курс докторанты,  
Нұр-Сұлтан, Қазақстан*

*Ғылыми кеңесші: Есенбекова Ұ.М.  
филология ғылымдарының кандидаты,  
қауымдастырылған профессор*

**Түйін**

Мақалада телеарналардың эфирлік кестесіне талдау жасалған, редакциялық саясаттың сақталуы, рейтингті өсіруде маңызы қаралған. Телевизиялық өндірістің ерекшелігі мен эфирлік кестенің арасындағы байланысы жіктелген. Таңертең ойын-сауықтық, танымдық жобамен ұйқысын ашқан көрерменнің түсте ток-шоу, кешке жаңалық, ал түнде сүйікті сериалымен ұйқыға кетуі кездейсоқтық емес. Көрермен психологиясын зерттеген мамандардың еңбектері негізінде жасалған, жолға қойылған дүние. Оны телевизия саласының мамандары эфирлік кесте деп атайды.

Автор мақаласында жаңа дәуірдегі телевизияның эфирлік кестесінің құрылымы мен тақырыптық мазмұнын жүйелеп зерттеуге, қазақ телеарналарының өнімдеріне қойылатын жаңа талаптарды анықтауға басымдық берген.

*Кілт сөздер:* телевизиялық жоба, эфирлік кесте, телевизиялық өндіріс, прайм-тайм, аудитория.

**Аннотация**

В статье анализируется эфирная сетка телеканалов, рассматривается ее значимость в сохранении редакционной политики и поднятии рейтинга.

Проведена классификация связи между телевизионным производством и эфирной сеткой. Не случайно зритель начинает утро с развлекательных и познавательных программ, днем смотрит ток-шоу, вечером - новости, а перед сном наслаждается любимым сериалом. Эта система основана на фундаментальных исследованиях специалистов, изучающих психологию зрителей. На языке телевидения она называется эфирной сеткой.

Автор в данной статье особо акцентирует внимание на изучении содержания и структуры сетки вещания телевидения современного формата, а также на новых требованиях к продуктам современного казахского телевидения.

*Ключевые слова:* телевизионный проект, эфирная сетка, телевизионное производство, прайм-тайм, аудитория.

**Annotation**

The article analyzes the broadcasting network of TV channels. The classification of the connections between television production and the broadcast network is carried out. It is no accident that the viewer begins the morning with entertaining and informative programs, watches talk shows on the day, news in the evening, and enjoys his favorite series before going to bed. This system is based on basic research by specialists studying the psychology of the audience. In the language of television, it is called the ether net.

The author in this article especially focuses on the study of the content and structure of the broadcasting network of television in a modern format, as well as on new requirements for the products of modern Kazakh television.

*Key words:* television project, television production, ether net, prime-time, viewer.

Телеарнаның редакциялық саясатын іске асыру бірнеше құрылымдық компоненттерден тұрады. Олардың жиынтық көрінісі телеарнаның эфирлік кестесі арқылы анықталады. Көрермен үшін әрбір арнаның көрсететін жобалары әртүрлі болғанымен, эфирлік кестенің құрылымы бір. Барлық арна ортақ бір қағидаларға бағынады. Эфирлік кесте – арнаның өз миссиясына негізделген, көрермен сұранысына бағытталған, жүйеленген бағдарламалық саясаттың нәтижесі. Бағдарламалық немесе эфирлік кесте арна жұмысын жүйелеуге мүмкіндік береді. [1] Эфирлік кестені телевизия мамандары бір күндік, апталық, айлық, маусымдық деп бөледі. Соның ішінде бір күндік эфирлік кесте төртке бөледі. Олар:

- Таңертеңгілік кесте
- Күндізгі эфирлік кесте
- Кешкі эфирлік кесте
- Түнгі эфирлік кесте

Таңғы ұйқыдан оянған көпшілік аудиторияміндетті түрде теледидарды қосады, теледидардан ұйқысын сергітетін, жеңіл, танымдық, ойын-сауықтық жоба күтеді. Бұл бейсаналы түрде болатын дүние. Сондықтан да, әрбір арна көрерменнің таңғы сұранысына орай өнім ұсынады. Әрбір телеарна өзінің мақсатты аудиториясының ерекшеліктерін ескеріп, таңғы жобаларын дайындайды. Мысалы, еліміздің басты телеарналары қатарына кіретін «Қазақстан» ұлттық телеарнасында «Таңшолпан», «Еуразия бірінші телеарнасында» «Оян, қазақ», ресейлік «Первый каналда» «Доброе утро», америкалық «ABC» арнасында «Good morning, America!». Барлығының мақсаты мен құрылымы ұқсас. Жеңіл, ойын-сауықтық, танымдық ерекшеліктері бар ұйқышар жобалар. Мұндай форматтағы жобалар саналы түрде таңғы эфирлік кестеге қойылады. Таңертеңгілік эфирге қойылған жобалардың тағы бір ерекшелігі хронометражы қысқа сюжеттерден, материалдардан тұруы. Жұмысқа жиналып жүрген көрермен 2-3 минуттық сюжетті көруге ғана мүмкіндігі бар.

Жұмыс пен сабаққа асыққандар үйден шыққанда үйде қалатындардың эфирлік уақыты басталады. Ол, әрине, зейнеткерлер мен үй шаруасындағы келіншектер. Олар үшін эфирлік кестеге сериалдар, отбасылық ток-шоулар қойылады. Мысалы, «Хабар» арнасының 6-сәуірдегі эфирлік кестесін талдайтын болсақ, 9:30–18:00 аралығындағы уақытта 3 фильм, 3 телехикая және 1 мультфильм көрсетілген. «Қазақстан» ұлттық арнасының дәл осы күнгі эфирлік кестесінің мәліметтері осыған ұқсас. Өйткені 9:00–18:00 аралығында 5 сериал, 1 мультфильм және 1 концерт көрермен назарына ұсынылған. Бұған қарап, күндізгі эфир кестесі үйде отыратын белгілі бір топтың сұранысына орай жасалады деген ғылыми тұжырымдалған ереженің дұрыстығына көз жеткіземіз.

Кешкі мезгілде көрерменге ұсынылатын жобалар кешкілік эфир деп топтастырылып арнайы жоспарланады. Ол жаңалықтарға, сараптамалық бағдарламаларға негізделген. Прайм-тайм уақыты кешкілік эфирге сәйкес келетіндіктен бұл уақыт аралығы телеарнаның рейтингі жоғары, көрермен сұранысына барынша жауап беретін тележобалармен толықтырылады. Бұл – теледидар алдында жұмысынан, сабағынан жиналған көрермен саны көбірек болады деген болжамға сүйеніп жасалған қадам. Жарнама берушілер үшін де бұл – «алтын уақыт». Өйткені, жарнаманың аптаның белгілі бір күні ғана емес, сағаты мен минутына дейін анықталып барып көрерменге ұсынылуы да маңызды. Бұл нақты бір аудиторияны (үй шаруасындағы әйелдер, жасы үлкен адамдар, балалар мен спорт жанкүйерлері және т.б.) таңдауға мүмкіндік береді [2].

Кешкі 21:30–22:00-ден бастап түнгі кестенің мерзімі басталады. Бұл уақытта, әдетте, сериалдар мен фильмдер орын бөлінген. Тағы да аталмыш еліміздің екі басты телеарналарының

эфирлік кестесін мысалға келтірер болсақ, 6-сәуір күні 21:30-02:00 аралығында «Хабар» арнасы 4 телехикая, «Қазақстан» арнасы 2 телехикая мен 1 көркем фильмді көрермен назарына ұсынған.

Телеарнаның мақсаты – бұқара аудиторияны ақпаратпен қамту, танымдық және тәрбиелік функцияларды орындау сияқты маңызды міндеттер екені белгілі. Осы міндеттерді тиімді орындау үшін телеөнімнің сапалық көрсеткіштері аудитория талабын қанағаттандыруы тиіс. Өзінің өнімін көрерменге ұсынған өндіруші нарық заңдылықтарына сай мақсатты аудиториясының демографиялық, әлеуметтік, биологиялық, психологиялық ерекшеліктерін дұрыс анықтауы, басқа талаптарды назарға алуы заңдылық. Осылайша цифрлық дәуірдегі ғылыми зерттеулердің нәтижелерін дұрыс пайдаланған телеарна мен көрермен арасында екіжақты сенім мен «келісім» орнайды. Көрерменің сенімін ақтауды мақсат еткен, аудиториясының ауқымын кеңейтуді ойлаған телеарна ұдайы шығармашылық ізденіс үстінде болуы тиіс, жаңа көрерменнің сұранысын қалыптастырып, соған сәйкес сапалы өнім ұсынуға қабілетті болғаны абзал. Мақсатты аудиториясын дәл анықтап таба алған бағдарламаның көздеген нысанасы – жоғары рейтинг.

Жаңа заманның көрермені өте талғампаз, таным деңгейі өскен ерекше орта. Бүгінгі Қазақ Елінің телеарналарына жүктелетін міндеттің маңыздысы да көрермендер аудиториясын қоғамдық, ұлттық мүддеге жұмылдыру, рухани-мәдени өрісін кеңейту болуда. Бұл міндеттердің орындалуы қазақ телевизиясынан жаңашылдықты, ұсынатын өнімдерінің ағартушылық потенциалының жоғары болуын қажет етері анық.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Дашевская И. Масс медиа: Программирование на ТВ. <http://lib.broadcasting.ru/articles2/content/mass-media-programmirovanie-na-tv>
2. Алдакушева А.Б. Исследование целесообразности размещения рекламных сообщений в телевизионных передачах и степени совместимости их зрительской и целевой аудитории. Теория и практика общественного развития 2001ж, №3.
3. «Қазақстан» ұлттық арнасының бағдарламалар кестесі. <https://qazaqstan.tv/program/2020-04-06/>
4. «Хабар» телеарнасының бағдарламалар кестесі. <https://khabar.kz/kk/ba-darlama/tv-ba-darlama>